2019 жылғы 18 маусымда «У.Д. Қантаев атындағы Мойнақ ГЭС» АҚ (бұдан әрі – «МГЭС») жылдық 11% пайыздық мөлшерлемемен 1.000 теңгенің номиналды құны бойынша 47.000.000 дана мөлшерінде купондық облигациялар шығарды және орналастырды. Облигациялар Қытайдың Мемлекеттік банкі алдындағы қарызды қайта қаржыландыру мақсатында шығарылды. Облигациялардың айналыста болу мерзімін 7 жылды құрайды. Облигациялар Astana International Exchange (AIX) қамтамасыз етусіз шығарылды және оны Компания сатып алды. 2023 жылы МГЭС сатып алынған купондық облигацияларды қайта сатты, оларды Компания облигациялар шығарудың бекітілген талаптарына сәйкес номиналды құны 1.000 теңге бойынша 1.500.000 дана көлемінде сатып алды. Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі + 2% Маржа» формуласы бойынша есептелетін өзгермелі мөлшерлемеге 11%–дан қайта қаралды. 2026 жылғы 18 маусымда облигациялар бойынша негізгі борыш толық көлемде өтелді.

*«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ–на берілген қарыз*

2011 жылғы 31 қаңтарда Компания «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ–ға қосалқы станциялар мен басқа да объектілерді салуға және реконструкциялауға 7.000.000 мың теңге көлемінде қарыз берді. 2024 жылғы 19 қаңтарда Компания тоқсанына бір рет төленетін жылдық 2% сыйақы мөлшерлемесімен 2026 жылы өтеуді ескере отырып, қарызды өтеу кестесін өзгерту бойынша кредиттік шартқа №2 қосымша келісім жасасты. Дисконттау мөлшерлемесі – 19%.

*«Алматы электр станциялары» АҚ–на берілген қарыз*

2018 жылғы 27 қарашада Компания мен «Алматы электр станциялары» АҚ (бұдан әрі – АлЭС) арасында айналым қаражатын толықтыруға, сондай–ақ тараптар келіскен өзге де мақсаттарға 3.000.000 мың теңгеден аспайтын мөлшерде реверсивті кредит желісін ашу туралы келісімге қол қойылды. 2019 және 2025 жылдар аралығында бірқатар қосымша келісімдерге қол қойылды, нәтижесінде лимит сомасы 15.000.000 мың теңгеге дейін ұлғайтылды. Сыйақы мөлшерлемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне плюс жылдық 1% тең. 2025 жылдың ішінде Компания АлЭС–ке 7.650.000 мың теңге сомасында қарыздар берді.

*«Екібастұз 2–ГРЭС станциясы» АҚ–на берілген қарыз*

2025 жылғы 5 желтоқсанда Компания пен «Екібастұз 2–ГРЭС станциясы» АҚ (бұдан әрі – Екібастұз 2–ГРЭС станциясы АҚ) арасында «№3 ст. энергия блогын орната отырып, Екібастұз 2–ГРЭС кеңейту және қайта жаңарту» инвестициялық жобасын іске асыруға байланысты Екібастұз 2–ГРЭС станциясы АҚ облигациялық бағдарламасы шеңберінде купондық сыйақыны төлеу шығыстарын қаржыландыруға 13.000.000 мың теңгеден аспайтын мөлшерде қарыз беру туралы келісімге қол қойылды. Сыйақы мөлшерлемесі жылдық 14,5%. Қарыз беру мерзімі әрбір келесі күнтізбелік жылға автоматты түрде ұзарту мүмкіндігімен қарыздар берілген күннен бастап 1 жыл. Қарыз қамтамасыз етусіз беріледі.
2026 жылғы 8 маусымда Қарыз беру туралы №С–34 келісімге № 1 Қосымша келісім жасалды, соның негізінде лимит сомасы 28.200.000 мың теңгеге дейін ұлғайтылды.

2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қарыздар лимитінің шеңберінде берілген жалпы сома 12.918.221 мың теңге болды.

## ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 6. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ БОРЫШТЫҚ ҚҰРАЛДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

*«Екібастұз 2–ГРЭС станциясы» АҚ–на берілген қарыз (жалғасы)*

2026 жылғы 3 ақпанда Компания мен «Екібастұз 2–ГРЭС станциясы» АҚ арасында «№3 энергия блогын орната отырып Екібастұз ГРЭС–2–ні кеңейту және қайта құру» инвестициялық жобасын іске асыруға байланысты 2020 жылғы 5 тамыздағы №KS 01–20–17 Кредиттік келісім бойынша негізгі борышты өтеу және бұрын төленген негізгі борышты өтеу үшін ҚРҰБ + жылдық 1% базалық мөлшерлемемен 98.876.370 мың теңге сомаға №С–5 қарыз беру туралы келісімге қол қойылды. Қарыз мерзімі – берілген күннен бастап 20 жыл. Қарыз қамтамасыз етусіз беріледі. 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 айдың ішінде Компания Екібастұз
2–ГРЭС станциясына 24.133.500 мың теңге сомасында қарыздар берді.

2026 жылғы 9 ақпанда Компания мен «Екібастұз 2–ГРЭС станциясы» АҚ арасында «Екібастұз ГРЭС–2 станциясының гидрокүл шығару жүйесінің құбыржолын ауыстыру» жобасы аясындағы іс–шараларды қаржыландыру үшін ҚРҰБ + жылдық 1% базалық мөлшерлемемен 8.117.000 мың теңге мөлшеріндегі сомаға №С–6 қарыз беру туралы келісімге қол қойылды. Қарыз мерзімі – Келісім жасалған күннен бастап 1 жыл. Қарыз қамтамасыз етусіз беріледі. 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 айдың ішінде Компания Екібастұз 2–ГРЭС станциясына 2.451.276 мың теңге сомасында қарыздар берді.

*«Семей Энерго» ЖШС–не берілген қарыз*

2025 жылғы 5 желтоқсанда Компания мен «Семей–Энерго» ЖШС арасында айналым қаражатын толықтыру мақсатында 110 000 мың теңге сомасына №С–33 қарыз беру туралы келісімге қол қойылды. Қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі + жылдық 1% деңгейінде белгіленген. Қарыз мерзімі – әрбір келесі күнтізбелік жылға автоматты түрде ұзарту мүмкіндігімен берілген күннен бастап 1 жыл. Қарыз қамтамасыз етусіз беріледі.

*«Energy Solutions Center» ЖШС–тің филиалы – «Ортақ қызмет көрсету орталығына» берілген қарыз*

2024 жылғы 20 тамызда Компания мен «Energy Solutions Center» ЖШС–нің филиалы – «Ортақ қызмет көрсету орталығы» арасында 16,5% сыйақы мөлшерлемесімен 1.100.000 мың теңге мөлшеріндегі сомаға №ДЗ–44 Қарыз шартына қол қойылды. Қарыз беру мерзімі қарыз берілген күннен бастап 36 (отыз алты) айды құрайды. Нысаналы мақсаты: инвестициялық жобаларды іске асыру, ағымдағы активтерді (айналым капиталын) қаржыландыру және міндеттемелерді қайта қаржыландыру. Қарыз қамтамасыз етусіз беріледі.

2025 жылғы 29 қыркүйекте Компания мен «Energy Solutions Center» ЖШС–нің филиалы – «Ортақ қызмет көрсету орталығы» арасында ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі + жылдық 1% сыйақы мөлшерлемесімен 2.557.169 мың теңге мөлшеріндегі сомаға №ДЗ–23 Қарыз шартына қол қойылды. Қарыз беру мерзімі – тиісті транш берілген күннен бастап 52 (елу екі) айды құрайды. Нысаналы мақсаты – инвестициялық жобаларды іске асыру. Қарыз қамтамасыз етусіз беріледі.

*«Объектілерді салу жөніндегі компания» КҚ–ға берілген қарыз*

2026 жылғы 10 ақпанда «Самұрық–Энерго» АҚ мен «Объектілерді салу жөніндегі компания» КҚ арасында «Самұрық–Энерго» АҚ–ның еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметкерлеріне арналған Екібастұз қаласындағы кіріктірілген үй–жайлары мен автотұрағы бар көппәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысын қаржыландыруды көздейтін №ДЗ–7 қарыз шарты жасалды. Қарыздың жалпы сомасын 12 миллиард теңге құрайды.

2026 жылғы 6 наурызда аталған шарт шеңберінде «Самұрық–Энерго» АҚ 3.442.838 мың теңге мөлшерінде бірінші транш берді. Қарыз мерзімі – 84 айға дейін, пайыздық мөлшерлеме – жылдық 0,1%.

Қарыз бойынша мөлшерлеме тәуекел деңгейі мен өтеу мерзімі ұқсас қаржыландырудың нарықтық талаптарынан едәуір төмен болғандықтан, 9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» талаптарына сәйкес қаржы активі бастапқы тану кезінде әділ құны бойынша бағаланды.

## ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 6 БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ БОРЫШТЫҚ ҚҰРАЛДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

*«Объектілерді салу жөніндегі компания» КҚ–ға берілген қарыз (жалғасы)*

Берілген траншттың номиналды сомасы мен оның әділ құны арасындағы 2.468.964 мың теңге мөлшеріндегі айырма нарықтықтан төмен мөлшерлеме бойынша берілген қарызды бастапқы тану кезіндегі шығыс ретінде танылып, есепті кезеңдегі қаржылық шығыстар құрамына енгізілді.

Кейінгі кезеңдерде аталған қарыз амортизацияланған құны бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есепке алынады, ал есептелетін пайыздық кіріс пен дисконттың амортизациясы пайда және зиян туралы есепте қаржылық кірістер құрамында көрсетіледі.

*АҚШ–тың қазынашылық міндеттемелері (U.S. Treasury Bills)*

2026 жылғы 26 ақпанда Компания АҚШ Қаржы министрлігінің қысқа мерзімді қазынашылық облигацияларын (T–bills) 2026 жылғы 6 тамызда өтеу мерзімімен 9.933.773 АҚШ доллары сомасына (баламасы 4.935.595 мың теңге) сатып алды. Аталған құралдар купонсыз болып табылады және номиналды құнынан дисконтпен сатып алынған, бұл сатып алу сәтінде жылдық 3,25% деңгейіндегі кірістілікті қамтамасыз етті.

АҚШ–тың қазынашылық міндеттемелері қаржы активтерінің құрамында көрсетіледі және амортизацияланған құны бойынша есепке алынады. Осы құралдар бойынша кіріс өтеу күніне дейін дисконттың амортизациялануына қарай тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы қаржылық кірістер құрамында танылады.

*«Ereymentau Wind Power» ЖШС–не берілген қарыздар мен қаржылық көмек*

2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Ereymentau Wind Power» ЖШС–не берілген қарыздар мен қаржылық көмек толық көлемде құнсыздандырылды. Танылған күтілетін кредиттік зияндар резервінің сомасы 18.835.624 мың теңгені құрады, бұл аталған қаржы активтерінің толық баланстық құнына сәйкес келеді.

## ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 7. БАСҚА ДА АЙНАЛЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

| *Мың қазақстандық теңгемен* | **2026 жылғы 30 маусым** | **2025 жылғы 31 желтоқсан** |
|---|---|---|
| Алынатын дивидендтер | **12.500.510** | – |
| «Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз 1–МАЭС» ЖШС–нің кэш–пуллингі | **7.056.088** | 4.429.308 |
| Еншілес кәсіпорындар сатып алушыларының дебиторлық берешегі | **131.753** | 120.091 |
| Қысқа мерзімді депозиттер | **304** | 304 |
| Құнсыздану резервін шегере отырып | **(112.508)** | (112.508) |
| **Басқа да қаржылық айналымдағы активтердің жиыны** | **19.576.147** | 4.437.195 |
| Басқа да салық активтері | **1.352.855** | 1.054.896 |
| Төленген аванстар | **484.720** | 321.721 |
| Басқа да қысқа мерзімді активтер | **320.024** | 320.024 |
| Келешек кезеңдердің шығыстары | **106.182** | 127.166 |
| Жұмыскерлердің басқа да дебиторлық берешегі | **8.157** | 120.588 |
| Құнсыздану резервін шегере отырып | **(320.024)** | (320.024) |
| **Басқа да айналымдағы активтердің жиыны** | **21.528.061** | 6.061.566 |

*Алынатын дивидендтер*

2026 жылғы 1 сәуірде «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1–МАЭС» ЖШС 15.000.000 мың теңге мөлшерінде дивидендтер төлейтінін жариялады.
2026 жылы аяқталған алты айдың ішінде «Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз 1–МАЭС» ЖШС 2.500.000 мың теңге сомасында дивидендтер төледі, қалған сома 2026 жылдың екінші жартыжылдығында алуға жатады.

*«Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз 1–МАЭС» ЖШС–нің кэш–пуллингі*

2024 жылғы 28 сәуірде Компания мен «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1–МАЭС» ЖШС арасында «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1–МАЭС» ЖШС айналым капиталын қаржыландыруға 10.000.000 мың теңгеден аспайтын мөлшерде кэш–пулинг *(3–ескертпе)* тетігі шеңберінде шартқа қол қойылды. Сыйақы мөлшерлемесі: ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі + жылдық 1%. Шарт талап ету бойынша өтелуге жатады, осыған орай сома айналым активтерінің құрамында көрсетіледі. 2026 жылғы 26 мамырда лимитті 15.000.000 мың теңгеге дейін ұлғайтуды көздейтін қосымша келісімге қол қойылды.

### 8. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

| *Мың қазақстандық теңгемен* | **2026 жылғы 30 маусым** | 2025 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Кемінде үш ай өтеудің бастапқы мерзімі бар басқа да банктермен сатып алу және кері сату («кері репо») шарттары – теңге | **22.698.895** | 55.687.273 |
| 3 айға дейін мерзімді депозиттердегі ақша қаражаты – теңге | **7.535.272** | 3.107.257 |
| Банк шоттарында шетел валютасындағы ақша қаражаты | **22.252** | 23.614 |
| Банк шоттарындағы ақша қаражаты – теңге | **9.591** | 71.825 |
| Кассадағы ақша қаражаты | **5.176** | 4.918 |
| Банк шоттарындағы ақша қаражаты – доллар | **2.221** | 2.805 |
| Минусы: құнсыздану резерві | **(1.094)** | (751) |
| **Ақша қаражаты мен оның баламаларының жиыны** | **30.272.313** | 58.896.941 |

## 9. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

2026 жылғы 30 маусымға орналастырылған 7.255.067 жай акция 564.378.267 мың теңге мөлшерінде толық төленді (2025 жылғы 31 желтоқсан: 7.198.467 акция 538.908.267 мың теңге мөлшерінде). Әрбір жай акция бір дауыс беру құқығын береді. Компанияның артықшылықты акциялары жоқ. Жарияланған акциялардың саны 8.602.187 акцияға тең (2025 жылғы 31 желтоқсан: 8.602.187 акция).

**Акциялар эмиссиясы**

2026 жылғы 18 мамырда Самұрық–Қазына АЭС құрылысының жобасы бойынша инвестицияларды тарту жөніндегі Кеңестің тапсырмасын орындау мақсатында «Балқаш ЖЭС» АҚ–ның жарғылық капиталын толықтыру мақсатында 5.725.350 мың теңге жалпы сомаға ақша қаражатын беру арқылы 1 жай акция үшін 450.000 теңге орналастыру бағасы бойынша Компанияның 12.723 акциясын сатып алды.

2026 жылғы 15 маусымда, Самұрық–Қазына ЖЭК саласындағы жобаларды қаржыландыру мақсатында 19.744.650 мың теңге жалпы сомаға ақша қаражатын беру арқылы 1 жай акция үшін 450.000 теңге орналастыру бағасы бойынша Компанияның 43.877 акциясын сатып алды.

**Дивидендтер**

2026 жылғы 2 сәуірде Компания жалғыз акционерге 2025 жыл үшін 2.041.053 мың теңге – бір акция үшін 2.283,54 теңге мөлшерінде дивидендтер төлейтінін жариялады. 2026 жылғы 10 сәуірде Компания дивидендтерді толығымен төледі.

## ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 10. ҚАРЫЗДАР МЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР

| *Мың қазақстандық теңгемен* | **Өтеу күні** | **Тиімді сыйақы мөлшерлемесі** | **2026 жылғы 30 маусым** | 2025 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді бөлік** | | | | |
| «Самұрық–Қазына ҰӘҚ» АҚ–нан қарыздар | 2028–2029 | 7,42%–дан 12,11%–ға дейін | **82.759.904** | 80.941.219 |
| Облигациялар | 2028–2029 | 11,4%–дан және ҚРҰБ қайта қаржыландыру мөлшерлемесі+1% | **86.304.504** | 39.241.931 |
| Ұзақ мерзімді банктік қарыздар | 2034 жылғы қазан | 19,01% | **4.196.619** | 4.314.971 |
| **Қарыздар мен облигациялардың ұзақ мерзімді бөлігінің жиыны** | | | **173.261.027** | 124.498.121 |
| **Қысқа мерзімді бөлік** | | | | |
| Облигациялар | 2024 жылғы қыркүйек | ҚРҰБ+1% қайта қаржыландыру мөлшерлемесі | **8.679.198** | 6.941.023 |
| Қысқа мерзімді банктік қарыздар | 2026–2034 | 11,88% | **576.200** | 15.810.600 |
| Еншілес ұйымдардан және бірлескен кәсіпорындардан қарыздар (ЕТҰ, СҚО) | 2026 | ҚРҰБ+2% қайта қаржыландыру мөлшерлемесі | **9.482.771** | 9.482.771 |
| Самұрық–Қазынадан алынған қарыздар | 2026–2029 | 7,42%–дан 17,5%–ға дейін | **8.868.950** | 8.616.628 |
| Есептелген пайыздар – Самұрық–Қазына мен ЕТҰ–дан алынған қарыздар | – | – | **6.920.923** | 6.043.288 |
| Есептелген пайыздар – облигациялар | – | – | **1.825.224** | 1.584.711 |
| Есептелген пайыздар – банк қарыздары | – | – | **9.545** | 417.742 |
| **Қарыздар мен облигациялардың қысқа мерзімді бөлігінің жиыны** | | | **36.362.811** | 48.896.763 |
| **Қарыздар мен облигациялар жиыны** | | | **209.623.838** | 173.394.884 |

Төмендегі кестеде ұсынылған кезеңдердің әрқайсысы үшін қаржылық қызметтен туындайтын таза борыш сомасы мен Компания міндеттемелеріндегі өзгерістерді талдау келтірілген. Бұл міндеттемелердің баптары қаржылық қызмет құрамындағы ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте көрсетілген.

| | **6 ай** | |
|---|---|---|
| *Мың қазақстандық теңгемен* | **2026 ж.** | **2025 ж.** |
| **1 қаңтарға қарыздар мен облигациялар** | **173.394.884** | 198.769.032 |
| Шығарылған облигациялар және алынған қарыздар бойынша түсім | **49.737.240** | 10.285 |
| Шығарылған облигациялар мен алынған қарыздардың өтелуі | **(21.377.264)** | (7.653.468) |
| Төленген пайыздар | **(5.266.015)** | (8.270.010) |
| Сыйақыны есептеу *(17–ескертпе)* | **5.975.201** | 8.492.942 |
| Келтірілген құн дисконтының амортизациясы *(17–ескертпе)* | **4.623.256** | 4.403.326 |
| Бағамдық айырмадан болған залал, нетто | **2.536.536** | 445 |
| **30 маусымға қарыздар мен облигациялар** | **209.623.838** | 195.752.552 |

## ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 10. ҚАРЫЗДАР МЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР (жалғасы)

Төменде осы қарыздардың баланстық және әділ құнын талдау берілген:

| | **2026 жылғы 30 маусым** | | 2025 жылғы 31 желтоқсан | |
|---|---|---|---|---|
| *Мың қазақстандық теңгемен* | **Баланстық құн** | **Әділ құны** | Баланстық құн | Әділ құны |
| Самұрық–Қазынадан және ДЗО–дан алынған қарыздар | **108.032.547** | **92.870.340** | 105.083.906 | 90.991.359 |
| Облигациялар | **96.808.927** | **94.129.796** | 47.767.665 | 45.106.342 |
| Банк қарыздары | **4.782.364** | **4.905.350** | 20.543.313 | 20.774.859 |
| **Қарыздар мен облигациялар жиыны** | **209.623.838** | **191.905.486** | 173.394.884 | 156.872.560 |

*«Самұрық–Қазына ҰӘҚ» АҚ–нан қарыздар*

*1–ші қарыз*

2010 жылғы 17 наурызда Компания «Самұрық–Қазына» ҰӘҚ» АҚ–мен Forum Muider–дегі 50% үлесті сатып алу нәтижесінде борышты қайта қаржыландыру мақсатында 48.200.000 мың теңге сомасына кредиттік келісімге қол қойды. Қарыз өтеу мерзімі 2029 жылғы 17 қыркүйектен кешіктірілмей жылдық 1,2% мөлшерінде пайыздық мөлшерлememен берілді. Негізгі сома жыл сайынғы тең төлемдермен өтелуге жатады, ал пайыздар қарыз алғаннан кейінгі келесі есепті жылдан бастап жартыжылдық жарналармен төленеді.

2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Компания 2.381.109 мың теңге сомаға негізгі борышты және 71.433 мың теңге сомаға пайыздарды ішінара өтеді.

*2–ші қарыз*

2011 жылғы 14 қаңтарда Компания Самұрық–Қазына–мен «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ қосалқы станциясының құрылысын қаржыландыру мақсатында 7.000.000 мың теңге сомасына кредиттік келісімге қол қойды. 2024 жылдың ішінде Компания «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ қосалқы станциясының құрылысын қаржыландыру мақсатында «Самұрық–Қазына» ҰӘҚ» АҚ–мен кредиттік келісімнің мерзімін 2026 жылғы 25 желтоқсанға дейін ұзарту туралы қосымша келісімге қол қойды, бұл қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі есепті жылдың басындағы 10 жылдағы орташа өлшенген инфляцияға тең. 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Компания 317.734 мың теңге сомаға пайыздарды төледі.

*3–ші қарыз*

2014 жылғы 16 қаңтарда Компания «Самұрық–Қазына» ҰӘҚ» АҚ–мен 200.000.000 мың теңге сомасында «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1–МАЭС» ЖШС–не (бұдан әрі – «Екібастұз 1–МАЭС») қалған қатысу үлесін сатып алу мақсатында кредиттік келісімге қол қойды. Негізгі сома 2028 жылғы 1 желтоқсанға дейін төленуі тиіс, ал пайыздар 7,8% мөлшерлемесі бойынша жартыжылдық жарналармен төленеді. 2014 жылғы 3 қазанда негізгі борыш сомасы 100.000.000 мың теңге мөлшерінде Компанияның акцияларына айырбасталды. Негізгі борыштың қалған сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 9% мөлшерінде белгіленді. 2015 жылғы 25 желтоқсанда негізгі борыш сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 1%–ға дейін төмендетілді. 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Компания 500.000 мың теңге сомаға пайыздарды төледі.

*Банк қарыздары: Азия Даму Банкі*

2018 жылдың 8 қарашасы мен 5 желтоқсанында Компания негізгі қызмет түрлерінің операциялық тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергиямен байланысты мүмкіндіктерді анықтау мақсатында Азия Даму Банкінде 120 миллион АҚШ долларын құрайтын жаңартылмайтын кредит желілерін ашты. 2019 жылы Компания кредит желілері бойынша 45.860.800 мың теңге жалпы сомаға А және В траншын 5 жылдан кейін, С траншын 7 жылдан кейін өтеу мерзімімен үш транш алды. Пайыздық мөлшерлеме Қазақстан Республикасы инфляциясының нақты көрсеткіштерінің (All–in cost) өсімі, банктің маржасы (А және В Транштары бойынша 3,75%, С траншы бойынша 4,50%) негізінде белгіленеді. 2022 жылы А және В транштары мерзімінен бұрын толық өтелді). 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша С траншы бойынша 15.234.400 мың теңге сомасындағы қалдық толығымен қысқа мерзімді бөлікке ауыстырылды. 2026 жылғы 23 қаңтарда С траншы жоспарлы түрде толығымен өтелді.

## ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 10. ҚАРЫЗДАР МЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР (жалғасы)

*Банк қарыздары: Еуразиялық даму банкі*

2023 жылғы 30 маусымда Компания Еуразиялық даму банкінен 2034 жылғы 31 қазанда өтеу мерзімімен 6.626.296 мың теңге сомасына қарыз алды. Нысаналы мақсаты – еншілес ұйымның Еуразиялық даму банкі алдындағы негізгі борышын өтеу мақсатында «Eneymentau Wind power» ЖШС–не қарыз беру. Пайыздық мөлшерлеме – 2026 жылғы 31 қазанға дейін жылдық 11,5%. 2026 жылғы 1 қарашадан бастап негізгі борыш толық өтелгенге дейін пайыздық мөлшерлеме Қазақстан Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің және жылдық 2,25% маржаның сомасына тең.

*Еншілес ұйымдардан және бірлескен кәсіпорындардан қарыздар (ЕТҰ, СҚО): «Богатырь–Көмір» ЖШС қарыздары*

2022 жыл ішінде Компания «Богатырь Көмір» ЖШС–нен (Forum Muider Limited бірлескен кәсіпорнының еншілес компаниясы) қарыз мерзімінің соңында негізгі борыш пен сыйақыны өтеу талабымен 12 ай мерзімге 12.482.770 мың теңге жалпы сомаға қарыздар алды.

2023 жылғы шілдеде және қарашада қарыздардың мерзімдері бір жылға ұзартылды, жылдық сыйақы мөлшерлемесі транштар берілген күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі деңгейінде белгіленді, оған қоса жылдық 3% маржа. 2024 жылғы қыркүйекте қарыздардың мерзімдері 1 жылға ұзартылды, жылдық сыйақы мөлшерлемесі транштар берілген күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі деңгейінде белгіленді, оған қоса жылдық 2% маржа.
2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі айдың ішінде «Самұрық–Энерго» АҚ «Богатырь Көмір» ЖШС–мен қарыз мерзімдерін 2026 жылғы 19 шілдеге және 2026 жылғы 8 қарашаға дейін ұзарту туралы қосымша келісімдерге қол қойды.

*Шығарылған облигациялар*

2021 жылғы 25 қарашада Топ 6,5 жыл мерзімге 1 облигация үшін номиналды құны 100.000.000 теңге болатын 18.400.000 мың теңге сомасына 184 дана жасыл облигацияларды шығарып, орналастырды. Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 11,4 %–ды құрады және жылына екі рет төленуі тиіс.

2024 жылғы 19 қыркүйекте Компания 2029 жылғы 19 қыркүйекке дейін айналыс мерзімімен ҚРҰБ +1% өзгермелі мөлшерлеме бойынша Astana International Exchange алаңында өтімділікті басқару бағдарламасы шеңберінде 34.736.552 мың теңге сомасына амортизацияланған купондық облигациялар шығарды.

2026 жылғы 6 мамырда Компания 2029 жылғы 10 сәуірге дейін айналыс мерзімімен жылдық 4,2% белгіленген купондық мөлшерлеме бойынша Astana International Exchange алаңында өтімділікті басқару бағдарламасы шеңберінде 731 миллион юань сомасына (баламасы 49.737.240 мың теңге) купондық облигациялар шығарды.

## ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 11. ҚАРЖЫЛЫҚ КЕПІЛДІК

Кепілдік міндеттемелер «Самұрық–Қазына» ҰӘҚ» АҚ Алматы ЖЭО–2 және ЖЭО–3 газдандыру жобаларын қаржыландыру мақсатында берген қарсы кепілдік шарттары бойынша Компанияның міндеттемелерін білдіреді. Жобаны іске асыру шеңберінде «Алматы электр станциялары»" АҚ мен қаржы институттары арасында мынадай негізгі талаптарда кредиттік келісімдер жасалды:

- Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ) TONIA Compounded индексінен, банктің меншікті қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша шығасыларынан және банктің 2027 жылғы 30 маусымға дейін 1,5% және 2027 жылғы 30 маусымнан бастап 2% маржасынан, 2037 жылғы 20 қарашада қарыздың аяқталу мерзімінен тұратын сыйақы мөлшерлемесімен 130.000.000 мың теңгеге дейінгі сомаға.
- Азия даму банкімен (АДБ) TONIA Compounded индексінен, банктің меншікті қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша шығасыларынан және банктің 2027 жылғы 30 маусымға дейін 1,5% және 2027 жылғы 30 маусымнан бастап 2% маржасынан, 2037 жылғы 20 қарашада қарыздың аяқталу мерзімінен тұратын сыйақы мөлшерлемесімен 98.000.000 мың теңгеге дейінгі сомаға.
- Қазақстанның даму банкімен (ҚДБ) TONIA Compounded индексінен, банктің меншікті қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша шығасыларынан және банктің жылдық 0,73% маржасынан, 2038 жылғы 8 маусымда қарыздың аяқталу мерзімінен тұратын сыйақы мөлшерлемесімен 117.000.000 мың теңгеге дейінгі сомаға.
- Қазақстан Халық Банкімен (ҚХБ) 2035 жылғы 24 тамызда қарыздың аяқталу мерзімімен ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінен және жылдық 1,5% маржадан тұратын сыйақы мөлшерлемесімен 135,000 мың теңге сомаға.

Кепілдік келісімдері кепілдік бергені үшін комиссия болмаған жағдайда жасалды. 2026 жылғы 30 маусымға берешектің жалпы кепілдік берілген сомасы 475.332.000 мың теңге (2025 жылғы 31 желтоқсан: 480.000.000 мың теңге) болды. ЕҚҚБ, АДБ және ҚДБ пайдасына кепілдіктерді бастапқы тану кезінде кепілдік міндеттемелерінің сомасын есептеуде 14% дисконттау мөлшерлемесі және дефолт ықтималдығы мен күтілетін кредиттік зияндарды бағалау үшін 1,39% деңгейінде Credit Default Swap мөлшерлемесі қолданылды. ҚХБ пайдасына кепілдікті тану кезінде кепілдік міндеттемелерінің сомасын есептеуде 18,4% дисконттау мөлшерлемесі және дефолт ықтималдығы мен күтілетін кредиттік зияндарды бағалау үшін 1,39% деңгейінде Credit Default Swap мөлшерлемесі қолданылды.

2026 жылғы 30 маусымға кепілдіктер бойынша міндеттемелер 23.756.793 мың теңге (2025 жылғы 31 желтоқсан: 24.879.676 мың теңге) болды. 2026 жылғы 30 маусымға есепті кезең ішінде қаржылық кепілдік бойынша дисконт амортизациясы 1.122.206 мың теңгені құрайды.

## ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 12. БАСҚА ДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ПЕН ЕСЕПТЕЛГЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

| *Мың қазақстандық теңгемен* | **2026 жылғы 30 маусым** | 2025 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер (кэш–пулинг) *(3–ескертпе)* | **26.971.558** | 43.196.863 |
| Өнім жеткізушілер алдындағы берешек | **381.594** | 999.955 |
| **Қаржылық кредиторлық берешек жиыны** | **27.353.152** | 44.196.818 |
| «Qazaq Gaz» АҚ алдындағы бағалау міндеттемесі | **94.914** | 94.914 |
| Басқа | **749.029** | 668.635 |
| **Басқа да кредиторлық берешек пен есептелген міндеттемелер жиыны** | **28.197.095** | 44.960.367 |

*Еншілес ұйымдардан алынған қаржылық көмек*

2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде кэш–пулинг тетігі шеңберінде *(3–ескертпе)* Компания «Самұрық–Энерго» АҚ тобына кіретін компаниялардан жалпы 219.948.807 мың теңге көлемінде қаржылық көмек алды және есепті күнгі жағдай бойынша 236.172.715 мың теңге төледі. Осы міндеттемелер талап етілгенге дейін болып табылады, осыған орай, номиналды құны бойынша ескерілді.

### 13. ДИВИДЕНДТЕР БОЙЫНША КІРІСТЕР

| | **30 маусымда аяқталған алты ай үшін** | | **30 маусымда аяқталған үш ай үшін** | |
|---|---|---|---|---|
| *Мың қазақстандық теңгемен* | **2026 ж.** | 2025 ж. | **2026 ж.** | 2025 ж. |
| «Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз 1–МАЭС» ЖШС | **15.000.000** | 20.000.000 | **15.000.000** | 20.000.000 |
| Qazaq Green Power PLC | **15.839.936** | 3.416.738 | **15.839.936** | 3.416.738 |
| «Бұқтарма ГЭС» АҚ | **–** | 12.704.333 | **–** | 12.704.333 |
| **Дивидендтер бойынша кірістер жиыны** | **30.839.936** | 36.121.071 | **30.839.936** | 36.121.07.1 |

## ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 14. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

| | **30 маусымда аяқталған алты ай үшін** | | **30 маусымда аяқталған үш ай үшін** | |
|---|---|---|---|---|
| *Мың қазақстандық теңгемен* | **2026 ж.** | 2025 ж. | **2026 ж.** | 2025 ж. |
| Жалақы және соған байланысты шығыстар | **2.994.714** | 2.780.619 | **1.711.231** | 1.317.900 |
| Ақпараттық жүйелерге қызмет көрсету және қауіпсіздік жөніндегі қызметтер | **455.853** | 339.270 | **218.272** | 166.595 |
| Негізгі құралдардың тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясы | **357.342** | 297.910 | **180.844** | 158.648 |
| Мамандандырылған кеңсеге қызмет көрсету қызметтері | **272.936** | 244.829 | **147.856** | 123.349 |
| Кеңес беру және басқа да қызметтер | **226.018** | 389.865 | **196.320** | 246.164 |
| Бөгде ұйымдардың қызметтері | **116.017** | – | **39.066** | – |
| Персоналды оқыту және байланысты шығыстар | **77.795** | 40.110 | **57.485** | 15.508 |
| Іссапар шығыстары | **76.654** | 107.988 | **56.464** | 65.029 |
| Сақтандыру | **36.587** | 35.686 | **16.979** | 17.506 |
| Басқа салықтар | **30.699** | 12.838 | **17.602** | 1.299 |
| Басқа | **279.712** | 95.713 | **90.267** | 50.411 |
| **Жалпы және әкімшілік шығыстар жиыны** | **4.924.327** | 4.344.828 | **2.732.386** | 2.162.409 |

### 15. БАСҚА ДА ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР, НЕТТО

| | **30 маусымда аяқталған алты ай үшін** | | **30 маусымда аяқталған үш ай үшін** | |
|---|---|---|---|---|
| *Мың қазақстандық теңгемен* | **2026 ж.** | 2025 ж. | **2026 ж.** | 2025 ж. |
| Еншілес компанияларға салынған инвестициялардың құнсыздануы | **6.235.221** | – | **6.235.220** | – |
| Бағамдық айырмадан болған залал / (пайда), нетто | **2.270.639** | (56.155) | **1.932.320** | (2.000) |
| Басқа да шығыстар | **–** | 1.125.056 | **–** | 1.069.343 |
| Басқа да кірістер | **(1.146.790)** | (20.274) | **(1.090.221)** | (71) |
| **Басқа да операциялық шығыстар жиыны, нетто** | **7.359.070** | 1.048.627 | **7.077.319** | 1.067.272 |

## ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 16. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР

| | **30 маусымда аяқталған алты ай үшін** | | **30 маусымда аяқталған үш ай үшін** | |
|---|---|---|---|---|
| *Мың қазақстандық теңгемен* | **2026 ж.** | 2025 ж. | **2026 ж.** | 2025 ж. |
| Облигациялар мен берілген қарыздар бойынша пайыздық кірістер | **11.333.069** | 7.130.628 | **6.070.782** | 3.553.835 |
| Банк депозиттері мен репо бойынша пайыздық кірістер | **5.367.947** | 3.906.335 | **2.508.351** | 2.211.993 |
| Қаржы активтері бойынша дисконт амортизациясы | **1.392.155** | 535.791 | **643.198** | 309.863 |
| Берілген кепілдіктер бойынша кірістер | **1.122.206** | 978.826 | **567.512** | 489.403 |
| Басқалары | **23.239** | 10.523 | **110.555** | 6.3.50 |
| **Қаржылық кірістер жиыны** | **19.238.616** | 12.562.103 | **9.900.398** | 6.571.444 |

### 17. ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

| | **30 маусымда аяқталған алты ай үшін** | | **30 маусымда аяқталған үш ай үшін** | |
|---|---|---|---|---|
| *Мың қазақстандық теңгемен* | **2026 ж.** | 2025 ж. | **2026 ж.** | 2025 ж. |
| Қарыздар мен облигациялардың сыйақысы бойынша шығыстар | **5.975.201** | 8.492.942 | **3.024.364** | 4.330.620 |
| Қаржы құралдары бойынша келтірілген құн дисконтының амортизациясы | **4.623.256** | 4.403.326 | **2.383.969** | 2.014.886 |
| Берілген қарыздар бойынша бастапқы дисконт*(6–ескертпе)* | **2.468.964** | – | **–** | – |
| Қаржылық жалдау бойынша шығыстар | **114.464** | 212.212 | **52.426** | 140.724 |
| Басқа | **52.116** | 40.064 | **25.262** | 23.778 |
| **Қаржылық шығыстар жиыны** | **13.234.001** | 13.148.544 | **5.486.021** | 6.510.008 |

### 18. ТАБЫС САЛЫҒЫ

2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар репо операциялары бойынша төлем көзінен ұсталған салықты, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары мен депозиттерінде қаражат орналастырудан алынған кірістерді білдіреді. Компания болашақта салық салынатын пайда табады деп күтпейді.

| | **30 маусымда аяқталған алты ай үшін** | | **30 маусымда аяқталған үш ай үшін** | |
|---|---|---|---|---|
| *Мың қазақстандық теңгемен* | **2026 ж.** | 2025 ж. | **2026 ж.** | 2025 ж. |
| Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар | **1.439.787** | 42.095 | **1.359.055** | 26.461 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар жиыны | **1.439.787** | 42.095 | **1.359.055** | 26.461 |

## ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 19. ШАРТТЫ ӘРІ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Төменде көрсетілген ақпараттан басқа, 2026 жылғы 30 маусымға 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жеке қаржылық есептілікте ашылғаннан басқа, қандай да бір шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер болған жоқ.

**Қарыздар бойынша ковенанттар**

Компания барлық кредиттік келісімдердің талаптары бойынша қаржы және қаржылық емес көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. Шарттық талаптарды орындамау банкке кредиттер мен қарыздарды дереу қайтаруды талап етуге құқық береді. 2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша және көрсетілген күні аяқталған алты айда Компанияда алынған қарыз шарттары бойынша ковенанттарды бұзушылықтар болған жоқ. Компания болашақта қаржылық ковенанттардың бұзылуына әкелуі мүмкін қаржылық көрсеткіштердің нашарлауын күтпейді.

**Соттың істі қарауы**

Компания әдеттегі қызметінің барысында сот процестері мен шағымдарға ұшырауы мүмкін. Қазіргі уақытта Компания басшылығы осы сот процестері мен шағым–талаптардың нәтижесінде түпкілікті міндеттемелер Компанияның болашақ қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етпейді деп санайды.

### 20. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Әділ құнды анықтауда қолданылатын деректердің дұрыстығы туралы түсінік беру үшін Компания өздерінің қаржы құралдарын ҚЕХС–ке сәйкес белгіленген үш деңгейге жіктейді. Әділ құнды бағалау нәтижелері талданады және әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша былайша бөлінеді: (і) 1–деңгейге бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы баға белгіленетін бағалар (түзетілмейтін) бойынша бағалау, (іі) 2–деңгейге – пайдаланылған барлық маңызды бастапқы деректер актив немесе міндеттеме үшін тікелей немесе жанама қадағаланатын болып табылатын бағалау әдістері арқылы алынған (яғни, мысалы, бағалар) және (ііі) бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген бағалаулар болып табылатын 3–деңгей бағалары (яғни бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген). Төменде әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша әділ құнды талдау және әділ құн бойынша бағаланбаған активтер мен міндеттемелердің баланстық құны келтірілген:

| | **2026 жылғы 30 маусым** | | | | **2025 жылғы 31 желтоқсан** | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Мың қазақстандық теңгемен* | **1-деңгей** | **2–деңгей** | **3–деңгей** | **Баланстық құны** | **1-деңгей** | **2–деңгей** | **3–деңгей** | **Баланстық құн** |
| ***Міндеттемелер*** | | | | | | | | |
| Қарыздар мен облигациялар | – | 191.905.486 | – | 209.623.838 | – | 156.872.560 | – | 173.394.884 |

**Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері**

Белгіленген пайыздық мөлшерлеме құралдарының бағаланған әділ құны ұқсас кредиттік тәуекелі бар және өтеуге дейінгі мерзімі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған, алуға күтілетін бағалау ақша ағындарының сомалары негізінде анықталады. Қолданылған дисконттау нормалары контрагенттің кредиттік тәуекеліне байланысты.

**Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер**

Нарықтық баға белгілеулері жоқ белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар және өтеу мерзімі белгіленген құралдардың бағалау әділ құны ұқсас кредиттік тәуекелі және өтеу мерзімі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған бағалау ақша ағындары негізінде анықталады.

## ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 21. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2026 жылғы 2 шілдеде Компания «Самұрық–Қазына» ҰӘҚ» АҚ алдында облигациялар бойынша негізгі борыш сомасының есебіне 1.736.827 мың теңге және облигациялар бойынша сыйақы сомасының есебіне 1.154.990 мың теңге сомасына берешек төледі.

2026 жылғы 13 шілдеде «Самұрық–Қазына» ҰӘҚ» АҚ мен Компания арасында ЖЭО–3 жобасын іске асыру шеңберінде ҚХБ пайдасына берілген «Самұрық–Қазына» ҰӘҚ» АҚ кепілдігі бойынша қарсы кепілдік туралы келісімге қосымша келісімге қол қойылды, онда кепілдік берілген соманы 135 млрд теңгеден 255 млрд теңгеге дейін ұлғайту көзделген.

2026 жылғы 17 шілдеде «Богатырь Көмір» ЖШС мен «Самұрық–Энерго» АҚ арасында қарыз мерзімін 2027 жылғы 19 шілдеге дейін ұзарту, сондай–ақ құбылмалы сыйақы мөлшерлемесін (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі оған 2% маржаны қоса) белгілеу туралы қосымша келісімге қол қойылды.